

"Республикалық бюджет комиссиясы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 780 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 812 Жарлығы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 681 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Республикалық бюджет комиссиясы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 780 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 18, 155-құжат; 2011 ж., № 7, 87-құжат; 2013 ж., № 62, 831-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Республикалық бюджет комиссиясы туралы ережеде:

4-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері және жаңа бастамаларға арналған лимиттер бойынша ұсыныстар әзірлеу;"

5-тармақта:

1) тармақшаның бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді республикалық бюджеттен қаржыландыруды талап ететін, жоспарлы кезеңге арналған концессиялық жобалардың тізбесін;"

2) тармақшада:

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері және жаңа бастамаларға арналған лимиттер;"

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"стратегиялық жоспарлардың жобалары немесе стратегиялық жоспарларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобалары бюджеттік өтінімдер, стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындыларын ескере

отырып, жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстары;"

он алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптама жүргізу үшін концессиялық жобаларды қаржыландыру;"

он тоғызыншы абзац алынып тасталсын;

жиырманшы және жиырма бірінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жоспарлау кезеңінен өтпеген аса маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған бюджеттік инвестициялар;

шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың тізбесі мен көлемдері бойынша ұсыныстарды әзірлейді;"

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев